

ТУУ

АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

май Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке сағы 20 тыйын.

НЫҢ

ық жол құрылымы бір кешуілетілген тугызатыны бел сы барлық жерде теген аудандар Мамлют, Оксертгілікті құрыдайындау ісі әлі десе де болады. бойынша аса бағал дайындаудың 7 аудудың 26,4 проц әкеліп соқты.

жолдарды жөндеу жұмыстарының жалы болғанымен, бесктері жоқ. Шынығыталық графиктерді сағайындап, алдынге жіберіп отыруға ылымдегілер графиккергілікті жердегі ішіліктер толық ден дәлелдегісі қ жол бөліміндегікіналап, орынсыз рауымыз керек.

жұмыстарының ой кадрлар құрамы

Пар—мол енімнің кегізі

Озаттардың үлгісімен

Шағлы МТС-нің механизаторлары барлық күш-мүмкіншілікті пайдалана отырып, көктемгі егіс жұмыстарында көрнекті табыстарға ие болды. МТС-те жұмыс озаттардың үлгісімен сағаттық график бойынша екі сменада жүргізілді. Көптеген трактор бригадалары шаруашылық есепке көшіп, машиналардың қуатын сарқа пайдалануға жетісті.

Осының арқасында МТС-те 15 аттың күші бар әрбір трактормен егіс кезінде 180—190 гектардан жер жыртылып, 11 мың килограмм жанар майы үнемделді.

МТС-тің алдыңғы қатарлы трактор бригадалары бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетіп, іле-шала пар жыртуға кірісті. Тәжірибелі Гришко жолдастың басқаруындағы трактор бригадасы тұқым себу, жер жырту жұмысындағы қол жеткен табысын баянды ете отырып, пар жыртуда алда келеді. Бұл бригадада пар жыртудың күндік тапсырмасы 110—120 проценттен орындалып жүр. Бригаданың әрбір тракторшысы жерді терең жыртып, жанар, жағар майдың 5 процентін үнемдеуге жетісін келеді.

Пар жырту жұмысы Совет МТС-нің қамтуындағы озат колхоздарда да өрістей бастады. Ленин атындағы колхозда жұмыс істейтін Григорий Любес-

Мал шаруашылығын онан сайын өркендету жолында берік жемшөп қорын жасау үшін күрес—бүкіл-халықтық іс. Қоғамдық мал шаруашылығының ойдағыдай өркендеуі тікелей осыған байланысты. Сондықтан берік жемшөп қорын жасауға әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты аяқтайтын болу керек.

Шөп шабуға әзірлік барлық шаруашылық бойынша ойдағыдай аяқталатын болсын!

☆

☆

☆

Петропавл ауданында шөп шабуға әзірлік баяу

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің II пленумы қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету күресінде жемшөп қорын жасау ісінің шешуші маңызы бар екендігін атап көрсетті. Сөйтіп, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының, әрбір колхоз бен совхоздың, машина-трактор станцияларының алдына жемшөп дайындау жоспарының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Бірақ, Петропавл ауданында бұл қаулыны орындау жолындағы күрес, істеліп жатқан жұмыс әлі тиісті дәрежеде емес. Мұнда шөп шабуға әзірліктің жайы осыны дәлелдейді. Аудан бойынша бұл күнге дейін 105 шөп машинасы, 89 ат тырнауыш, көптеген лобогрейка жөнделмеген. Колхоздардың көбінде дерлік пішен шабуға әзірлікте, әсіресе, құрал-саймандарды жөндеу ісінде ешбір береке жоқ. Тіпті, 5 колхоз шөп шабуға әзірлікке әлі кіріскен де жоқ.

Быттыр ауданда шөп машиналарын жөндеу ұзаққа созылып, құнарлы мал азығын дайындау жұмысы көп кешігіп

жайбарақаттық, жауапсыздық күшті. Шөп шабуға әзірліктің барысы, міне осыны дәлелдейді.

Аудандық ауылшаруашылық бөлімі колхоздардың шөп шабуға алдын-ала әзірленуіне жедел көмек көрсетпейді. Оның меңгерушісі Шилов, аға зоотехнигі Порошкова жолдастар колхоздарға құлаш-құлаш қатынас жазып, ауылшаруашылық саймандарын жөндеудің графикін жібергенге ғана мән. Ал, жазылған қатынастың, жіберген графиктің орындалуын бақылау, тексеру деген жоқ. Міне, сондықтан да ауданның көптеген колхоздарында шөп шабуға әзірлік бетімен жіберіліп отыр. Мал қыстатуды үлкен қиыншылықпен өткізген Калинин атындағы, Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артедінің басшылары да шөп шабудың қамын естен шығарған. Калинин атындағы колхозда 16 және Жамбыл атындағы колхозда 6 шөп машиналарынан бір-бір машина ғана жөнделген. Ал, лобогрейка, ат тырнауыштары тағы басқа құрал-саймандарды жұмысқа әзірлеу ісіне бұл колхоздар әлі күнге кіріспей отыр.

бетке ұстап, машиналарды жөндеу жұмысын өте баяу ұйымдастырып отыр.

— Қосалқы бөлшектер жеткіліксіз. Жөндеу жоспарын орындай алмай отырғанымыз осыдан,—дейді Асанов МТС-нің директоры Чайко жолдас.

Егер қолда бар мүмкіншіліктер толық пайдаланылса, мұндағы машиналар жұмысқа ендігі әзір болатын еді. Бірақ, оны істеушілер болмады. Өндіріс графикі бойынша жөндеу жұмыстарына 28 механизатор қатынасуға тиіс болса, содан мастерскойда соңғы кезге дейін жұмыс істеп келген 5—6-ақ адам.

Ауданның көптеген колхоздарында қолшалғы, қол тырнауыш және айыр сыяқты пішен кыйнау жұмысына аса қажетті құрал-саймандарды реттеу ісі де мүлдем ескерусіз қалған көрінеді.

Рас, ауданда шөп шабуға дайындықты күн ілгері қолға алып, оны үлгілі ұйымдастырып отырған шаруашылықтар бар. Соның бірі—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Бәукеңов жолдас басқарған «Луч Ленина» колхозы. Мұнда 18 шөп машинасы, 14 ат тырнауышы тағы

бай-ақ келеді.

Жолдарды жөндеу және жаңадан салу ісінде жергілікті жерлерде құрылыс материалдарын көптеп дайындаудың маңызы өте зор. Мәселен, ағаш, құм, тас сыяқты материалдарды облысымыздың қандай ғана ауданында болсын дайындауға мүмкіншілік жеткілікті. Бұл жұмысты алдынала ескерген Полудень аудандық жол бөлімі едәуір жұмыстар істеді. Онда қар веткеннен бергі мерзімнің ішінде тас және шлак, сол сыяқты, басқа да құрылыс материалдары тағайындалған жоспарға сәйкес дайындалуда. Жолдарды пайдаланудың № 16 участогінің коллективі де аз мерзім ішінде 1862 текшеметр тас, 557 текшеметр құм, 45 текшеметр ағаш дайындап алды.

—60—

Поездарды жылдам жөнелту әдісі

Барлық поездарды, оның ішінде құранды поездарды жылдам жөнелтуді ұйымдастыра білу графикті ойдағыдай орындау ісінде шешуші роль атқарады. Петропавл бөлімшесінің диспетчері коммунист Федор Ушаков локомотив және поезд бригадаларының жұмыс тәртібін қатаң сақтай отырып, барлық станцияларда құранды поездардың түру мерзімін қысқартуға жетісіп келеді. Бұл үшін участоктегі барлық мүмкіншіліктерді тиімді және толық пайдаланады.

Ушаков жолдас жол-жөнекей станцияларда жүк тиеуге және жүк түсіруге кететін уақытты қысқарту, бригада жұмыстарының тәртібін қатаң сақтауды ұйымдастыру үшін арнаулы диспетчерлік паровозды пайдаланады. Ол, әсіресе, жолшыбай тіркелетін және составтан ағытылатын вагондарға ерекше көңіл бөледі. Осының арқасында май айының алғашқы жартысында участоктен құранды поездардың өту мерзімін орта есеппен алғанда 2 сағатқа дейін қысқартты. Сонымен қатар, құранды поездардың орта тәуліктік жүріс шапшаңдығын бұрынғыдан 63 километр

луы осындай «шорқақ» адамдардың істе пайдаланылуы салдарынан туып отырған дығын жасыруға болмайды.

Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің алып адыммен өркендеуі жол құрылыстары жұмыстарының тез қарқынмен жүргізілуін және жолдардың мейлінше сапалы болуын талап етеді. Өйткені, машина жолдары арқылы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, қала мен деревня арасындағы қатынасты жақсартуға болады. Сондықтан облысымыздың жол шаруашылығы орындары істе бұған дейін кездескен кемшіліктерден тиісті қорытынды шығара отырып, үстіміздегі жылы жол жұмыстары жоспарының барлық көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

арттыруға жетісті. Мұның өзі май айында участок бойынша 8 паровозды басқа составтар жөнелту ісіне пайдалануға мүмкіншілік берді.

Кіші-гірім станцияларда маневр жұмыстарын жүргізу үшін диспетчерлік паровозды пайдалану уақытты және мемлекет қаржысын көптеп үнемдеуге жағдай туғызатынын тәжірибе айқын көрсетіп жүр. Ушаков жолдас поездарды станциядан өткізудің барлық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, диспетчерлік поезды бүкіл участоқта бір сменада жүк тиеу және жүк түсіру, вагондарды орналастыру және бір жерге жыйнастыру, Булаев, Қарақоға станцияларында құранды поездарға тіркелетін вагондарды дайындау ісіне қатыстырып үлгереді. Участоктің басқа станцияларында жүк тиелген вагондар осы диспетчерлік поездбен Булаевқа немесе Қарақоға станциясына құранды составқа тіркеу үшін жеткізіледі. Сөйтіп, Асанов, Жарма, Ганькино сыяқты кіші-гірім станцияларда әрбір құранды составтың ешбір тоқтамай өтуіне мүмкіншілік жасалады.

М. ГЛЕБОВ.

ТУҒАН елім

РСФСР Оқу Министрі

27 майда РСФСР Оқу Министрлігінің коллегиясы Москваның мектептерінде емтихандардың барысы туралы мәселе қаралды.

20 майдан бастап астананың барлық мектептерінде, кластан класқа көшу және мектепті бітіру емтиханы мен кәметтік аттестат алу емтиханы басталды. Емтихан комиссиялары 4-10-класстардан 500 мыңнан астам оқушы, сонымен қатар, өндірістен қол үзбей жұмысшы жастар мектептерінде оқыйтын жас жігіттер мен қыздарды өткізуге тиіс болды.

Астананың мектептерінде емтихан ұйымдастырылған түрде, іскерлік жағдайда өтуде. Өздерінің жазба еңбектерінде және ауызша берген жауаптарында оқушылар орыс

тілін, әдебиет тарихты, математиканы жөне т.б.

Өте жақсы

алушылардың

ауданының

бінің 10-клас

тілі мен әдеби

адам «5», «4»

дары «3», «2»

333—, 8

басқа мектеп

шылары әдеби

шығармаларын

28 майдан бастап

дары аяқталды

УКРАИНАДА ЖАҢА ЕГІННІҢ АСТЫҒЫН К

КИЕВ, 27 май. (СОТА). Украинада астық жыйнау маусымы жақындады. Күздік бидай мен кара бидай бас алды, жаздық дақылдар жақсы өсуде.

Украинаның «Заготзерно» конторының қабылдау пункттерінің қызметкерлері астық қабылдауға әзірлік жүргізуде. Облыстардың көпшілігінде складтарды жөндеу аяқталды. Лабораториялар мен тара

зы шаруашылық

«Заготзерно»

жүк тиеу және

механикалық

келтірілуді қамтамасыз

салыстырғанда

Көмекшілік

автомобильдер

ЭЛЕВАТОРЛАР МЕН ДИРМЕНДЕРГЕ АРН

ОДЕССА, 27 май. (СОТА). Одессаның диірмен және элеватор құрал-жабдықтарын жасайтын заводы астықты қабылдау, сақтау және тиеу жұмыстарын механикаландыруға арналған әртүрлі машиналардың 45 түрлі түрін жасап шығарады. Заводтың өнімдері күн сайын темір жолмен және теңіз жолдарымен еліміздің барлық түпкір-түпкіріне жөнелтіледі.

Бүгін Ижевскийдің, Нахичеванның, При-

морье өлкесінің

налған бірнеше

Қырымға, Грузияға,

гоннан жүретін

град облыстарына

жүкті өндіретін

тар, Белорусияға

маларына жөнелтіледі.

ді.



Владимир облысы. «Автоприбор» заводы жыл бойына коллективтік стахановтық еңбек кәсіпорны деген атаққа ие болып келеді.

СУРЕТТЕ: мастер Н. Степанова (оң жақта) стахановшы Л. Хайнина жолдас құрастырған бөлшекті тексеріп тұр. Степанова жолдасқа Министрлік бойынша таңдаулы мастер атағы берілген. (СОТА-ның фотохроникасы).

Завод электр қуатын үнемдеуде

Л. М. Каганович атындағы бірінші мемлекеттік подшипник зауытының коллективі 3 смена жұмыс істейді. Бұған ол электр қуатын үнемдеу жолында күресуші стахановшылардың, инженерлердің, техниктердің ондаған бағалы ұсыныстарын өндірісте қолдану арқасында жетті.

(СОТА).

Сәулет

Тілекке тілек ұштасып,
Біліміне сенулі.
Келеді Сәулет нық басып,
Қуанышты, көңілді.

Жаналық ашқан ғалым,
Жазушы яки есепші,
Сүйікті біздің мұғалім,
Сақтар есте мектепті.

Барлық істің нұсқасын.
Алғаш мектеп көрсетіп,
Үйреніп, біліп ұққан соң,
Еңбек еттік ержетіп.

Әлемнің неден тұрғанын,
Өмірдің шындық сырларын
Әр ғылымның әр заңын,
Ашқанын қашан қай ғылым.

Жолдастық, достық немене?
Міндетің не өмірде?
Өзің кімсің, Отан не?
Үйрендік қой мектепте.

Міне, өскен мектебі,
Осында он жыл өткерді,
Келеді тағы өткелі,
Мұндағы соңғы өткелді.

Жайдары жандар жан-жағы,
Сәулет тұрды жай сөйлеп.
Ғылымның заңын талдады,
Нанымды сөзбен дәлелдеп.

Сұрақ жоқ — деп ассистент,
Мұғалімге қарады.
Біріне-бірі бас ізеп,
Қойысты бестік бағаны.

Толғап шағы Сәулеттің,
Ақыл, ойдан кемелі.
Өз күшіне сенсе кім,
Қашанда болар дегені.

Алтынды жазу жарқырап,
Көк қағаздың жүзінен,
Қолында отыр аттестат,
Бестік баға тізілген.

Әркез алға талпынар,
Жастың ұшқыр көңілі
Ойшыл болса несі бар,
Тілессе солай өмірі.

Қуанышты ойы Сәулеттің,
Еркіндік бақыт елімде.

Ю. Цеденбал—Монгол Халық Республикасының премьер—министрі болып тағайындалды

УЛАН-БАТОР 27 май. (СОТА). Монгол Халық Республикасының ұлы Халық Хуралының Президиумы Юмжагийн Цеденбалды Монгол Халық Республикасының премьер-министрі етіп тағайындау туралы қаулы алды. Юмжагийн Цеденбал Монгол Халық Революцияшыл партиясының бас секретары болып істейді. Осы тағайындауға дейін ол Монгол Халық Республикасы премьер-Министрінің орынбасарлығы міндетін атқарды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 28 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін барлық майдандарда Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілер бөлімдерімен бірлесе тығыз кыймыл жасай отырып, бұрынғы алып тұрған дұшпанға қарсы шептерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды, дұшпанды адам күші және техника жағынан зор шығындарға ұшыратты, деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит артиллериясы және жау самолетін аңдып атқыштар отрядтары дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

Грек докерлерінің бейбітшілік жолындағы күресі

ПАРИЖ, (СОТА). Бастиа (Корсика) портының докерлері кемелерден соғыс материалдарын түсіруге қарсы күресті әлі тоқтатқан жоқ. Осыдан екі айдан астам бұрын докерлерді аштықпен қайыршылыққа ұшыратып, олардың бейбітшілік жолындағы күреске еркін мұқатпақ болып порт әкімшілік орындары жұмысшы күшін жалдап алу бюросын

Біздің календарь

Евгений Багратионович Вахтангов (Қайтыс болғанына отыз жыл толуына)

Театр көркемөнерінің тамаша қайраткерлері К. С. Станиславскийдің және В. И. Немирович—Данченконың шәкірті Евгений Багратионович Вахтангов орыстың және совет сахна көркемөнерінің тарихына талантты, тамаша актер, аса көрнекті режиссер ретінде, театр жастарының педагог-тәрбиешісі және жетекшісі ретінде енді. Ол оның атымен аталған жана театрдың құрушысы және басшысы болды.

Вахтангов театрының тарихы 1914 жылды студенттердің драма үйірмесінің тууынан басталды, бұл үйірме кейінірек, совет өкіметінің алғашқы жылдарында, Вахтанговтың студиясына айналды. 1921 жылдың басында студия коллективі Көркем театрдың басшылары К. С. Станиславский мен В. И. Немирович —Данченкоға екі пьеса: Чеховтың «Үйлену тойын» және Метерлинктің «Антоний әулиенің кереметін» көрсетті. Бұдан кейін студия Кіші көркем театрға қосылды. 1926 жылы үкімет Вахтанговтықтар коллективіне Е. Вахтангов атындағы мемлекеттік театр атағын берді. 1946 жылы, студияның құрылғанына жиырма бес жыл толуы күндерінде, театр жоғары үкімет наградасы—Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Көркем театрдың реалистік мектебінің идеяларын Константин Сергеевич Станиславскийден тікелей үйреніп, Вахтангов оны еліміздің театр жастарының қалың көпшілігіне таратты.

Вахтангов өзінің ұстаздарының тәжірибесін дамытып байыту, сөйтіп, одан әрі алға басу үшін сахнадағы шындықтың шеберлігін меңгере білді. Оның үлкен және жан-жақты дарындылығының жана белгілері күннен-күнге көрінді. Ұлы Октябрь социалистік революциясын Вахтангов көркемөнер саласында өз сөзін айтып беруге әзір, жетілген шебер кезінде қарсы алды. Ол өзінің творчестволық күштерінің толығынан жұмсалыуына мүмкіндік алды.

Вахтангов өмірді революциялық жолмен қайта өзгертудің ұлы мақсаттарына қызмет ететін халықтық театрды құру идеясын жақтады. Ол көрушіні рухтандыра алмайтын, оны үлкен істерге шақырмайтын «кішкене» натуралистік искусствоға, өмірден кейін жүретін искусствоға батыл қарсы күресті. Вахтангов совет үкіметінің алғашқы жылдарында театрды толтырған жаңа көрушілердің талаптарын ескеріп, орыс және батыс еуропалық классиктердің драмалық шығармаларын жанаша ұғы

көрнекті режиссер оның кейіпкерлерінің мешандық, өрсі өте тар мүдделерінің дүниесін құруға бет бұрған жигаловтардың, апломбовтардың және басқаларының дүниесін ерекше күшпен көрсетті.

Метерлинктің «Антоний әулиенің кереметінде» Вахтангов француз буржуазиясының озбырлығын, екіжүзділігін, жәдігөйлігін атап көрсетті. Режиссер буржуалардың дүниесін ашып көрсетудің өте-мөте сатиралық әдісін қолданды. «Антоний әулиенің кереметі» пьесасының мазмұны мен формасы, әресе, соғыс коммунизмі дәуірі үшін кәзіргі кездегідей болып көрінді. Режиссер құрылтын буржуазиялық дүниені көрсетудің көркемдік құралдарын іздеп таба білді.

Вахтанговтың өмірі оның творчестволық қызметінің нағыз қайнаған кезінде үзілді. Ол кезде советтік драматургия жаңа туып келе жатыр еді. Оның Треневтың «Любовь Яровая», Лавреневтың «Разлом», Всеволод Ивановтың «Бронепоезд», Сейфуллианың «Виринеясы» сыяқты терең әрі маңызды шығармалары тамаша режиссер және актер қайтыс болған соң үш-төрт жылдан кейін сахнаға қойылды.

Содан бергі өткен 30 жыл ішінде Вахтангов театры еліміздің аса көрнекті театрларының біріне айналды. Евгений Багратионович совет режиссерлерінің үлкен ұрпағын тәрбиеледі. ССРО-ның халық артисі Ю. Завадский, РСФСР-дың халық артисі Б. Захаба, РСФСР-дың көркемөнерге еңбек сіңірген қайраткерлері Л. Баратов, Н. Горчаков, И. Рапопорт, РСФСР-дың еңбек сіңірген артистері Б. Вершилов, А. Ремизова және көптеген басқалары режиссерлік жұмыстарында өздерінің ұстазының реалистік искусствосының дәстүрлерін алға бастырып, дамытуда. Вахтанговтық талантты актер, ССРО-ның халық артисі Борис Васильевич Щукинге ұлы Лениннің образын театр мен кинода бірінші болып жасаудың құрметті үлесі тиді.

Вахтангов театрының мектебінде ССРО-ның халық артистері Марейкая мен Грибов, РСФСР-дың халық артистері Степанова, Бендина, Кудрявцев, Жильцов және басқалары тәрбиеленді.

Вахтанговтың шәкірттері ұлттық театрлардың — грузин, армян, өзбек, латыш театрларының қалыптасуына үлкен әсерін

менді

е, кемшіліктерді
ктік сынды ой-
сатыға көтере

завод партия
егізінен ісге
қоя отырып,
тету арқылы
ің еңбектегі
дарып отыр.
өндіріске еңгі-
ылардың көз-
ы, оны жүзеге
кемшілікті дер-
партия ұйы-
әнінде бірқатар
ив москвалық
асын қолдану
йдың ішінде
мша 50 див-

жолындағы со-
ұмысшылардың
күресіндегі

жұмысшыға
отыру керек.
ық күшімен

міндеттемесін
ауапкершілігін
—партия, кә-
згі міндеті.

тік жарысты
кке жол бе-
кездесіп келді.

інен тәжірибе-
жағдайларда
дың қолын
нады.

ымдары асын-
рбір жұмыс-
іне сын көзі-
Сәулеттің

Жаңа оқу жылына әзірлікті күшейтейік

Оқу бөлімдері мен мектеп басшыларының бүгін таңдағы басты міндеті—жазғы емтиханды ойдағыдай өткізумен бірге, жаңа оқу жылына әзірлікті кәзірден бастап қызу қолға алу, сөйтіп, жаңа оқу жылына әзірлену мақсатына бөлінген қаржыны орынды- орнына дұрыс және толық пайдалану.

Өткен жылы партия, совет ұйымдарының және жұртшылықтың көрсеткен көмегіне сүйене отырып, облыс мектептері жаңа оқу жылына айтарлықтай әзірлікпен кірісті. Оқу жылы басталғанға дейін 18 мектеп үйі жаңадан салынып, 86 мектеп күрделі жөндеуден, 420 мектеп жай жөндеуден өткізілді. Сол сияқты, мектептер қысқа керекті отынмен қамтамасыз етілді. Көптеген мектеп мебельдері сапалы жөндеді.

Дегенмен, оқу бөлімдері мен мектеп басшылары өткен оқу жылына әзірлік кезінде бірқатар кемшіліктерге жол берді. Мектептерді күрделі жөндеуге бөлінген қаржының орынды- орнына жұмсалмауы салдарынан, кейбір жерлерде жөндеу жұмысының сапасы төмен болды. Халық ағарту орындары үстіміздегі жаңа оқу жылына әзірлік кезінде өткен жылғы кемшіліктердің қайталануына жол бермейтін болулары қажет.

Быйылғы жазда облыс мектептерінің 10-классын 350 оқушы бітіріп шықпақ. Ал, жаңа оқу жылында орта мектептердің 8-классында оқуға тиісті оқушылардың саны 600 адам болайын деп отыр. 8-класстардың 3 сменаға бөлініп оқуына жол бермеуі үшін оларға арналған жаңадан 15—20 класс үйі болуға тиіс. Осыған байланысты жаңа оқу жылына әзір-

лік кезінде жетіжылдық және орта мектептердің үйін кеңейту, мектептері жөндеу жұмыстарына ата-аналар мен еңбекшілер бұқарасын неғұрлым көп қатыстыру керек болады. Өйткені, бюджет бойынша бөлінген қаржының басым көпшілігі жаңа мектеп үйлерін салуға жұмсалатын болғандықтан бұрын жұмыс істен келген мектептерді кеңейту және жөндеу жұмыстары тек еңбекшілердің қалың көпшілігін қатыстыра отырып жүргізгенде ғана ойдағыдай және дер-кезінде аяқталуы мүмкін. Ал, облыс еңбекшілері өткен жылдардағыдай бұл жұмыстарға пын ықласымен қатысатындығы сөзсіз.

Быйылғы жаңа оқу жылына әзірлік кезінде жүргізуге тиісті жұмыстардың көлемі зор. Мамлют және Қонжық аудандарының орталықтарында жаңадан орта мектеп салынақ, 40 мектеп күрделі және 478 мектеп жай жөндеуден өткізілуі тиіс. Сол сияқты, 13 интернат үйі жөнделіп, оқытушылар үшін 45 үй салынақ. Бұл жұмыстарды деркезінде қолға алып, сапалы аяқтау үшін жергілікті партия, совет ұйымдары жаңа оқу жылына әзірлік ісіне көмек көрсете отырып, жөксенбіліктер ұйымдастыруды, сөйтіп, оларға ата-аналар мен қала және ауыл-село еңбекшілерін неғұрлым көп қатыстыруды қарастырғандары жөн.

Алдағы оқу жылында жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық оқу заңының толық жүзеге асырылуына жетісу үшін оқу жасындағы балалардың есебін алу ісінде өткен жылы жол берілген кемшіліктердің қайталанбауын қамтамасыз ету қажет. Оқу жасындағылардың есебін

алуда ауыл-селолық Советтер мектеп коллективтеріне нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуінде интернаттарды жөндеу, жатақханалар ұйымдастыру, оқытушыларды пәтер үймен, қысқа керекті отынмен қамтамасыз ету, көрнекі құралдар сатып алу үшін бөлінген қаржыны орынды пайдалану мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет.

Оқу бөлімдері мен мектеп басшыларының алдында тұрған ендігі бір басты міндет— жазғы демалыс кезінде оқытушылардың білімін көтеруіне жағдай жасау, күзгі емтиханға қалдырылған оқушыларды июль айынан бастап емтихан тапсыруға әзірлей бастау болып саналады. Үстіміздегі жазда жоспар бойынша 1200 оқытушы түрлі курстарда оқып, білімдерін толықтырмақ. Сондықтан оқу бөлімдері оқуға баратындарды анықтап, олардың оқуға міндетті түрде қатысуларын қамтамасыз етулері керек.

Жаңа оқу жылына әзірлік жөнінде оқу бөлімдері мен мектептердің алдына қойылып отырған бұл сияқты жауапты міндеттердің оларға жергілікті партия, совет ұйымдары тарапынан нақтылы көмек көрсетіліп отырған жерде ғана ойдағыдай орындалатындығы сөзсіз.

Оқу жылына әзірлікте өткен жылдарда кездескен кемшіліктерді қайталамай, облыс мектептерінің жаңа —1952—53 оқу жылына әзірлігін ойдағыдай өрістетіп болайық.

А. СЕЙТБЕКОВ,

облыстық оқу бөлімінің мектеп секторының меңгерушісі.

қарсы наразылық білдірілді.

«Біз,—деп атап көрсетілген қарарда,—бактериологиялық соғысты дереу тоқтатуды, қылмысы үшін айыптыларды қатаң жазалауды талап етеміз».

ФРАНЦИЯНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ
ПАРИЖ, 27 май. (СОТА). Бүгін «Юманите» газетінде Сена департаментінің бейбітшілік Советінің, Сена және Уаза департаментінің, Франция коммунист партиясы Федерациясының, Францияның республикашыл жастары одағы ұлттық бюросының, Сена департаментінің француз әйелдерінің одағы комитетінің, Сена департаментінің француз қыздары федерациясы одағының, бүкіл дүниежүзілік еңбек конфедерациясы на кіретін металлургия кәсіподақ федерациясының қарсыласу қозғалысына қатысып, бұрын жер аударылған және баска елде ұсталған адамдар ассоциациясының және басқа көптеген демократиялық ұйымдардың өз мүшелерін 28 майда Францияға америка генералы Риджвуддің келуіне наразылық білдіру манифестацияларына қатысуға шақырған үндеуі жарияланды.

Реакцияшыл газеттер 28 майда белгіленген манифестацияға тыйым салу туралы Париж полициясының хабарын басып шығарды. Бун-Дю-рон департаментінің префектурасы да осындай қарар шығарды, деп хабарлайды, «Фигаро» газеті.

БЕЛЬГИЯНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ӨЗ ПРАВОЛАРЫ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

БРЮССЕЛЬ, 27 май. (СОТА). «Драпо Руж» газетінің хабарына қарағанда, Антверпен портының кеме жөндеудегі жұмысшыларының 24 майда басталған ереуілі етек алуда. Ереуілге 7 мың адам қатысып отыр.

26 майда Антверпеннің барлық кеме жөндейтін мастерскойлары, соның ішінде Бельгиядағы өте ірі «Меркантиль» кеме жөндеу заводы тоқтады.

Кеме жөндеушілер елдің барлық еңбекшілеріне қойып отырған талаптарды қоюда. Олар оңшыл социалистік және католиктік кәсіподақ басшыларының үкметтен, кәсіп иелерінен жұмысшыларға қарсы жасасқан келісімін бұздыру жолында күресуде. Ереуілде жалақыны арттыруды, әлеуметтік қамсыздандыру және жұмысшылардың еңбегін қорғау ісін жақсартуды, тегін дәрігерлік жәрдемді талап етуде.

082476	27	1.000
082476	45*	1.000
082785	09*	1.000
082996	05*	1.000
083006	39*	1.000
083091	50*	1.000
083176	11*	1.000
083260	49*	10.000
083304	07*	1.000
083369	1—50	500
083457	04*	25.000
083564	1—50	200
083628	1—50	500
083716	20*	1000
083749	16*	1.000
083834	06*	10.000
084075	19*	10.000
084133	08*	1.000
084243	30*	1.000
084301	24*	1.000
084302	1—50	200
084484	22*	1.000
084619	1—50	200
084680	36*	5.000
084728	20*	1.000
084854	18*	1.000
084873	24*	1.000
084955	1—50	200
085071	1—50	200
085224	1—50	200
085377	11*	1.000
085404	1—50	500
085441	38*	1.000

*) осы сериядағы шықты.

«УДАРНИК» ки

Бүгін және күн сай

«ҰМЫТЫЛМАС

Сеанстар сағат 6-8

Таяудағы күндер не демалыс паркі жылдың жазғы мәісте үшін ашыла
Программа афия
Рекламаны байылыңыздар!

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе —